



«Нұрби» мектеп  
бөбекжай бала-бақша  
кешенінің

# ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: «Анадан асқан жан  
барма»

«Балауса»

Ортаңғы тобы



Тәрбиеші: Райымбаева А.  
Ибрахим Д.

**Жүргізуші:** Көктемнің алғашқы мейрамы—аналар мерекесі құтты болсын!

Қош келдіңіздер! Аяулы әжелер, аналар, қызғалдақ қыздар, қонақтар!  
Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып сегізінші наурыз мерекесі де келіп жетті. Осындай көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек .

Анаң болса қасыңда

Басқа бақыт не керек

Аналардың жүрегі мейірімді ғой керемет.

-Бүгінгі «Ана - өмір шуағы» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады

**Сөз беріледі:**

**Жүргізуші:** Күннің шуағы қыс бойы қатып жатқан қар мен мұзды ерітіп, айналаға мейірімін төкті. Кәне, балалар, жан-жағымызға қарайықшы, күннің көзі қайда кеткен. Ол ана тұрған үйде ұйықтап жатыр, кәне, бәріміз барып оятайық.

(Үйге жақындап қағады. Күннің көзі шығады.)

**Балалар:** Сәлеметсіз бе, күннің көзі?

**Күннің көзі:** Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мені неге ояттыңдар?

**Жүргізуші:** Бүгін аналар мен әжелердің мерекесі, сондықтан бүгінгі күннің шуағы ерекше болу керек.

**Күннің көзі:** Кәне, бәрің менің шуақтарымды алыңдар. « **Күн көзімен би**»

**Жүргізуші:** Рахмет саған, күннің көзі. Сенің шуағың барлық суықты кетіріп, жылуын беретін болды. Біздің балалардың өнерін тамашалауыңа болады.

**Қарақат :**

Анамды мен жақсы көрем,  
Айтқан тілін алып жүрем.  
Қасымда анам жүргенде,  
Шаттанып мен ойнап күлем.0

**Азиза:**

Менің анам, анашым,  
Әлемдегі данасың.

**Ислам:**

Айналайын анашым  
Әлемдегі жан асыл.  
Болса маған не керек,  
Бәрін іздеп табасың.

### **Дони**

Еркелесем күнім дейтін,  
Ұрысқаны білінбейтін.  
Маңдайымнан искеп менің,  
Құлыншағым күнім дейтін.

### **Айзере:**

Ана деген бақыт қой,  
Ана деген асыл ғой.

### **Екежан:**

Ана біздің күніміз,  
Ана біздің гүліміз.  
Бізді ана қуантып,  
Ұзақ өмір сүріңіз.

### **Диана:**

Жақсы көрем күлкіңді,  
Айналайын ақ анам.  
Менің анам сүйкімді,  
Бәрінен де жақсы адам.

### **Ілияс:**

Ана біздің гүліміз,  
Ана біздің күніміз

### **Мейрамбек:**

Менің әжем, ақ әжем  
Ұл мен қыздың бағы әжем.  
Ертегі айтып бер десен,  
Айтып берер тағы әжем.

### **Ерасыл:**

Анам менің ақылшым,  
Анам менің данамсың.

### **Ән: «Құттықтаймын мама»**

### **Би: Сылдырмақ**

**Күннің көзі:** Рахмет, сендерге балалар. Өнерлерің қандай тамаша.

**Жүргізуші:** Рахмет саған күннің көзі, сенімен мерекеміз көңілді болып жатыр. Балалар қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда. Адамдарға қуаныш сыйлайтын сиқыршы көктем.

Жасыл көктем, сен көктем,

Жерді гүлмен өрнектеп.

Төрлет, төрлет гүл көктем,

Төрлет көктем жоғары.

Олай болса мерекеге көктемді шақырайық.

(Көктем музыка әуенімен залға кіреді.)

**Көктем:** Сәлеметсіңдер ме балалар, қонақтар.

Дала гүлге бөленеді.

Қуанышқа кенеледі.

Орман, торғай, бақтарда,

Құстар сайрай жөнеледі.

Шұғыламды төккенмін,

Өйткені мен көктеммін.

Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Денсаулық, қуаныш, сұлулық тілеймін. **Көктеммен би: «Көктем келді»**

**Жүргізуші:** Сиқыршы көктем, біздің шақыруымызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рахмет.

**Көрініс: «Үш ана»**

Ортаға стол және үш орындық қояды. Бір орындықтың шетін ала стол астында қуыршақ жатыр.

Диана – қыздың киімін киген бүлдіршін

Анасы – қызметкер ана көрінісімен киінген қыз

**Жүргізуші:**

Ойыннан келген **Диана**

Қуыршағын іздейді.

Үстелдің астынан тапты да,

Хал сұрауды көздеді.

**Диана:**

Қызым, менің қалайсың?

Томсырайып қарайсың.

Қарның ашып отырмай,

Тамақ ішсең жарайсың.

Отыр қане қасыма,

Тамақтанып аласың

(Қуыршағын алдына алып отырады)

**Жүргізуші:**

Диананың осы сәт,  
Анасы үйге кіреді.  
Тағат таппай қызының  
Қалын сұрап біледі

**Анасы: Еркежан**

Дианажан, бүгін сен,  
Тамақ ішіп көрдің бе?  
Ойын ойнап әлде сен,  
Кешке дейін жүрдің бе?

Күнде саған ұмытпай,  
Тамағыңды іш деймін.  
Тіл алмайсың қырсығып,  
Осы сені не істеймін (отырады)

**Жүргізуші:**

Анасының артынан,  
Аптығып әже кіреді.  
Ол – дағы өз қызының  
Қалын сұрап біледі.

**Әжесі: Қарақат**

Айналайын, алтыным  
Шаршадың ба, жарқыным.  
Ішпедің – ау тамақ та,  
Жайын ойлап жалпының.

Қарашығым, қарағым,  
Түсіңкі ғой қабағың.  
Сөткемен тұрып жұмыста  
Болмай қалды – ау тамағын (отырады)

**Жүргізуші:**

Аналардың елжіреп,  
Ет бауыры барады.  
Әрқайсысы сұқтанып,  
Өз қызына қарады.

**Бәрі – үш ана:**

Қандай қиын, қарандаршы,  
Қырсық мінез бала болу.  
Бәрінен де оңай емес,  
Білсеңіздер ана болу!

**Көктем:** Менің сендерге әкелген ойыным бар.

**Жүргізуші:** Ендеше осы көңіл-күймен ойын ойнайық.

**Ойын: 1. «Менің анам жұмысқа қалай жиналады?»** Бұл ойында 3 қыз бала ортаға шығып, үстелдерінен моншақтарын тағып, еріндеріне далап жағып, сөмкелерін алады.

**Жүргізуші:** Мінеки, көңілді ойынымыз да мәресіне жетті. Бұл ойында жеңімпаз жоқ, бәріңіз бірдей жеңімпазсыздар!

Оятқан күліп тандарда,

Жарқ еткен мынау жалғанда

Аямай берген шуағын

Анадан асқан жан бар ма?

**Би: Флешмоб**

**Көктем:** менің телефоным шырылдайды, кім екен?

**Көктем:** Ия, не сұрақ жапырақтар шықпай жатыр ма?

Кірпілерде оянбай жатыр ма? Оларға көмектесу керек. Қазір ұшып келемін. Мінекей балалар менің басқада жұмыстарым бар маған кету керек. Сау болыңдар.

**Балалар:** сау бол көктем -деп шығарып салады.

**Жүргізуші:**

Аялы да, алтын нұрлы анашым.

Жүрегіммен мәңгі бірге боласың.

Сен асқарсың, сен аспансың биіксің.

Сен дархансың, сен жомартсың, данасың - деп бүгінгі мерекелік ертеңілігімізді аяқтаймыз. Отбастарыңыз аман болсын. Жүздеріңізден күлкі кетпесін. Келіп тамашалағандарыңызға рахмет!

Балалардың өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын қабыл алыңыздар.